

ТҮРКІ ӨРКЕНИЕТІНІҢ ҚАЗАҚ ЭТНОПЕДАГОГИКА ТӘРБИЕСІНДЕГІ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Зейнолла Жанат

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті
шығыстану факультеті қытайтану кафедрасының оқытушысы, Алматы
zhanna-228@mail.ru

Медетбекова К.Б.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті
шығыстану факультеті қытайтану кафедрасының 1-курс магистранты, Алматы
m-k-b88@mail.ru

Ұланғасырлық тарихы мол ежелгі ататүрік өркениетінің ықпалында қазақ этнопедагогикалық тәрбиенің ұрпақ бойына сіңіру үшін қолданатын өзіндік тәсілдері, әдіс-амалдары болады. Сол қатарда, этнопедагогика ғылымының да өзіндік тәрбие тәсілдері, әдістері-методикасы бар. Әрине, ғылымның бұл саласы халықтық тұс алатындықтан, оның тәрбиелік тәсілдері де халықтық тұс алып, дәстүрлік тәрбиемен тоғысып, толысып жатады.

1) Мақал-мәтелдермен тәрбиелеу тәсілі. Қазақ ең әуелі «Адам адамнан тәлім алады, ағаш ағаштан мәуе алады»-деп атырабыңнан, жақсы адамдардан үлгі-өнеге алып өсу керектігін айта отырып өз ұрпақтарына тәрбие берген. Онан соң «адамды үйрену жеткізеді, пышақты қайрақ өткізеді»-деп оларды үйренуге, талпынуға баулиды. Ол үшін адамда арман-тілек болуы керек. Талпыныс, ұмтылыс керек. Сол себепті халқымыз «Армансыз адам – қанатсыз құспен тең», «Білімдіден шыққан сөз – талаптыға болсын кез» деп тұжырымдайды. Демек, арманын – қанат, талабын талғар биікке шығудың баспалдағы еткенде ғана жас ұрпақ өз ойлаған мұратына жете алатын болады. Бәлкім, бұл айтқандарымыз ұрпаққа үміт-сенім орнатудың қамы болып есептелінер.

Үміт-сенім орнағаннан кейін, жастарға жігер-қайрат беріп, оларды еңбектенуге, құлшынуға баулу керек. «Ақыл – жастан, асыл – тастан», «Кәрі келсе – асқа, жас келсе – іске», «Сақалын сатқан кәріден, еңбегін сатқан бала артық», т.б. [3.776.] мақал-мәтелдер жас-ұрпақты еңбектенуге, сол еңбектің ғана адамды ер атандыратын, халқыңа еңбегің сіңсе, ардагер атандыратын асылдың асылы, тірліктің бірегей жолы екенін бабаларымыз «Атадан бала туса екен, ата жолын қуса екен»-деген сөзбен өз ойларын қорытқан. Бұдан мың жыл бұрын өмірден өткен Жүсіп Баласағұни бабамыз халқымыздың еңбек жөніндегі этнопедагогикалық тәлімін:

Көз берді Алла зат көріп, құндау үшін,

Құлақ берді үн естіп, тыңдау үшін,

Қол берді тірліктен тынбау үшін,

Аяқ берді бос қарап тұрмау үшін, [6.2456.] – деп жыр маржанымен тиянақты ой тастаған екен. Демек, бабаларымыздың тәрбие

тәсілінде қолданып отырған осы мақал-мәтелдері мен жыр-маржандары олардың сан ғасырлық ой-домнасында қорытылып, ой елегінің алтын безбені арқылы әбден әрлеп шығарған асыл ойларының алтындай жарқыраған жалынды сөз тіркестері, маржан сөздердің бұл түрі эстетикалық тұрғыдан алғанда, айтуға қолайлы шұрайлы тілдің түйіндері, тыңдауға жағымды, жүректің түкпірінен орын алатын, естен кетпес, алтын тектес керемет тіркестер. Қазақ: «Сөздің көркі – мақал, ердің көркі – сақал» – деп сол үшін айтқан. Оның көкейге қонымды адамға жағымды болатын себебі де осында.

2) Ым-ишарамен тәрбиелеу әдісі. Бұл әдіс көбінде тілі толық шыға қоймаған балаларға, тілі шықса да айғайлап айтуға ыңғайсыз орындарда қолданылатын тәрбие әдісі. Кейбір кем сөзді адамдар да мұны төте тәсіл ретінде пайдаланады. Мысалы, балаларды шақыруда қол бұлғау, ымдап өзіне шақыру, мақұлдықты білдіру үшін бас изеу, қосылмауды, «қой, тыныш отыр» дегенді білдіру үшін бас шайқау тәсілдері қолданылады. Кейде үлкендерде көпке құрмет білдіру үшін иіліп сәлем беру немесе қол бұлғау тәсілін қолданады.

Баланың аналары мен аталары балаларын жақсы көрудің белгісі ретінде бауырына басып емірене сүйеді, өз басынан жоғары көтеріп «таудай бол» деп ақ тілегін білдіреді. Бала лас нәрселерді ұстаса, «кікәк, ии, жаман» деп, оның лас екендігін бет әлпетінен білдіреді. Аяғы, тілі шыққан тынымсыз балалар үйге келген қонақтың мазасын алса қабағын түйіп, яки, қолын немесе басын шайқап «қой, тыныш отыр» деген сөздерді, қабағы, яки, басымен «далаға шық, былай жүр, кісінің мазасын алма» деген сөздерді білдіреді. Кейде жұдырықтарын түйіп «таяқ жейсің, жұдырық жейсің» деген сөзді жұмылған жұдырықтың қимылымен көрсететіндер де болады. «Жат, ұйықта», «түрегел», «далаға шығайық», т.б. сөздерді көзбен, яки, мақұл еместігін білдіріп тұрады. Осындай ым, яки, ишараға әдеттенген балалар өздерінің «тамақ ішемін», «дәрет қыламын», «ойнаймын», «ұйықтаймын», «далаға шығамын», «анау керек», «мынау керек» деген сөздерін ым, яки, ишарамен немесе үлкендерге еліктейтін қимылмен білдіріп тұрады. «Сақаудың тілін шешесі біледі» дегендейін баланың мұндай ым, яки, ишараларын көбінде анасы немесе баққан адам дер шағында түсініп, талабын орындап отырады, ым-ишарамен бала тәрбиелеудің осы тәсілінің ықпалы болар кейіндеп үлкендер арасында да ыммен, қас-қабақпен сөйлесетіндер дүниеге келді. Қазір дүние көлемінде қолданылатын мылқау-сақаулар тілі дейтін арнаулы тілдің жалпыласуының арғы тегі осыдан барып дамыған болуы да мүмкін.

3) Ырымдар мен тиымдар арқылы тәрбиелеу тәсілі. Біз қазақ ырымдары мен тиымдарының бір топ тізімдігін жоғарыда бердік. Тізімдік бір, яки, екі-үш жолмен ғана берілген, онда көп түсінік жоқ. Бұл бәлкім жас ұрпақтың ұғымына жеңіл, ойға сақтауы үшін қолайлы болсын деген оймен осылай тұжырымдалған болуы мүмкін, ал, түсінік беруге тура келсе, сол сөздердің әрбірін кеңінен сөйлеуге тура келеді. Айталық: «дененді қарыстама» деген сөз тиым сөздің бірі, мұны үлкендерден «неге» деп сұрасаң, көбінде «жаман болады» деп жауап береді, бәлкім оның арғы астарын жастарға айтқысы келмейтін болар. Шынын қуғанда, қазақ салтындюа адам қазаға

ұшырап дүние салған соң, оны жерлеу, арулар жұмысына кіріседі, осы кезде қазылған көрдің кең, яки, тарлығын, өлген адамның оған сиятын-смайтынын білу үшін бұрынғы қазақ өлушінің денесін қарыстап, ұзындығын өлшеген. «Денеңді қарыстама» деген тиым осыдан туған, сау адамның денесін қарыстауды жаман ырым деп санаған, «адамға қарап пышақ кеземе» деген тиым да осылай туған, өйткені «байқаусызда бас кететін жазым туады, қара пышақ кезесең, қарыс кіріп кетпесіне кім кепіл» деген сол тиымның өзіндік түсініктемесі халық тиымдарында бірге айтылатынын естіген жеріміз бар.

Қазақ ырымдары мен тиымдары көп мазмұнды, сан алуан саланы қамтып, жас ұрпаққа соның бәрінен тәрбиелік уағыз ретінде айтады. Оның кейбіреулері әдеп-иба сақтауды, кейбірі салт-дәстүрі, кейбірі ғылым-білімді, кейбірі жан тазалығын, тән тазалығын, ар тазалығын, кейбірі экологиялық орта тазалығын, табиғат тазалығын дәріптеп, әрбірі әр тұрғыдан тәрбиелік мән алады. Айталық: «орынсыз жерде күлмейді», «жасы үлкен адамның атын атамайды», «атты адамның ит қуғаны – көргенсіздік» сияқты тиымдар әдеп-иба сақтауға, үлкендерді, көпті құрметтеуге қаратылған, «қол жумай ас ішпейді», «адам басатын жерге кірудің суын төкпе», «су алатын жерге шомылма», «күнге, айға, қабырстанға, ауылға қарап дәретке отырмайды» деген сияқты тиымдар жан тазалығын, тән тазалығын, ел-жұрттың тазалығын сақтап, әруақты, ауылды құрмет тұтуді дәріптейді. «Көкті жұлмайды», «жалғыз ағашты кеспейді», «құмырсқаның илеуін, қарлығаштың ұясын бұзбайды», «торғайды өлтірмейді, аққуды атпайды» деген сияқты тиымдар табиғатты қорғау, экологияның тепе-теңдігін сақтау тұрғысынан айтылған тәрбиелік тиымдар есептеледі. «Жолаушыға қайда барасың демейді», «жол болсын дейді», «жұмыс үстіндегілерге іске сәт дейді», «ауылға қарай шаппайды», «көшіп бара жатқандарға көш байсалды болсын дейді», «қабырстанға қарап қол шошайтпайды», «тұлдаған атты мінбейді», «қуанышты болған үйге құтты болсын айтады, қаралы үйге көңіл айтады» т.б., [2.176б.] ырымдар мен тиымдар халқымыздың ежелгі салт-дәстүрін жас ұрпаққа ұғындыру тұрғысынан айтылған. Өйткені қазақ ұрпағын «халқын сүйген салтын сүйеді» деген тағылым бойынша тәрбиелеп келген өте жүйелі, жол-жосынға жүйрік халық.

Қазақ ырымдарының ғылыми негіздері әлі зерттелген жоқ. Мысалы, «жас келіншек екіқабат кезінде түйе етін жемейді», «екіқабат әйел жерігі қанбаса, туған баланың аузынан су ағып жүреді», «жас босанған келіншек итке кет демейді, кет десе тісі түсіп қалады», «қырқынан шықпаған сәби бар үй түнде күл төкпейді» т.б., меніңше бұл сияқты ырымдарда қалай да бір негіз, халықтың тарихтан бергі өмір тәжірибесінен топтаған білім-тәлімдері болуы мүмкін, өкінішке орай оның ғылыми негіздері әлі дәлелденбеген.

4) Үлгі-өнеге арқылы тәрбиелеу тәсілі. Қазақта: «Алдыңғы арба қалай жүрсе, соңғы арба солай жүреді», «көрген көргенін, көсеу түрткенін істейді», т.б. аталы сөздер бар.[6.213б.] Туған халқының мұндай даналығын Абай атамыз: «болмасаң да ұқсап бақ бір ғалымды көрсеңіз, ондай болу қайда деп айтпа ғылым сүйсеңіз» деп тұжырымдаған. Демек, халық өз ұрпағының жарамды, жақсы азамат болып жетілуі үшін арғы тарихтан, аңыз-ертегілерден, өзінің ата-бабаларынан және замандастарынан үлгі-өнеге көрсетіп, соған қарап

өсуді, сондай адам болуды талап еткен. «Үйдің жақсы болуы ағашынан, жігіттің жақсы болуы нағашыдан», «адам адамнан тәлім алады», «аттың да аты бар – қазан аты бір бөлек, жігіттің де жігіті бар – азаматы бір бөлек» деген ғақлия халқымыздың адамды да, малды да ерекше сұрыптап, «шіркін, пәленнің баласы-ай, аталары жақсы еді, яки, нағашылары жақсы еді, соған тартыпты, жақсы азамат болып өсіпті» деген сияқты көп айтылатын сөздер бірден сол бір жақсы азаматтың жарамдылығына көңілі толса, екіден өз ұрпақтарын сонан үлгі алуға, сондай болуға баулыған ізгі ниет, ұрпаққа деген үлкен жауапкерлік жатыр.

Қазақ ертегі-аңыздарында, батырлар жырында және өнер-білім туралы әңгімеленетін ертегі-хикаяларда жас ұрпақ үшін үлгі-өнеге ретінде айтылатындары өте көп. Бұлардың бәрі де сол ұрпақ қамын ойлаудан, соларға тәрбие берудің тандаулы тәсілі ретінде сол үлгілерді ұлағаттаудан туындаған, айталық: «бала батыр», «нан батыр» хикаялары жас ұрпаққа бала жастан ержүрек, қайтпас-қайсарлықтың үлгісін көрсетсе, «Еңлік – Кебек», «Қыз Жібек – Төлеген», «Салиқа – Самен» қиссалары жас ұрпаққа шын көңілден құлай сүйіскен адал махаббаттың үлгілерін өздеріне бойтұмар етуді дәріптейді. Ал «Тазша батыр», «Бай баласы мен кедей баласы», «Төрт өнерпаз» сияқты ертегілер ерінбей еңбектенудің, әртүрлі өнерді меңгерудің жолы да қажырлы еңбек, қажырлы-қайсар рухтың нәтижесінде ғана қолға келетіндігінің үлгі-өнегесін көрсетеді.

Халқымыздың этнопедагогикалық тарихының ердегі хикаяларын көзалдыға елестететін болсақ қариялар, ата-аналар өз ұрпақтарына өздерінің байырғы тәжірибелері мен бастан-кешкендері арқылы үлгі-өнеге көрсетіп отырған, «Алпамыстағыдан ақыл сұра» және «Бір тұлып нанның қоқымы» деген ертек соның дәлелі бола алады. «Алпамыстағыдан ақыл сұра» ертегісінде ұрпаққа мынадай ақыл-кеңес айтылады: баяғыда бір қатігез хан өткен екен, ол өз халқына әкелері алпысқа келгенде, сол алпысқа келген адамның ұлына өз әкесін жартастан құлатып өлтіру туралы жарлық түсіріпті. Осылайша сол елдің алпысқа келген қариясы әр жылы өз баласының қолымен жартастан құлатылып өлім құшып жатады екен. Бір жылы бір жас азамат алпысқа келген әкесін әлгі ажал жартасының басына әкеліп құлатып өлтіргелі тұрғанда оған бір ой түседі. «Өгізге келген бұзауға да келеді» деген сөз бар, осы күн ертеңгі күні маған да келеді ғой, сондықтан әкемді өлтірмей үйге апарып кебежеге салып жасырын сақтайын дейді де, осылай істейді. Күндер өте келе сол елде құрғақшылық апат туады, ел-жұрт, жан-жануар түгел күйзеліп, халық қайтерін білмей дағдарады. Кебеженің ішінде жатып бұл жағдайды сұрап біліп отырған қария елдің судан тарыққанын білген соң, баласына өз үйінің көк өгізін бұйдасын түріп қоя бер, су бар жерді сол табады деп ақыл береді. Әкенің ақылы бойынша қоя берілген көк өгіз салған күйі бір жалбызды өзекке келіп тоқтап, сол жерді иіскеп тұрып алады. Бала бұл жағдайды әкесіне айтқан соң, әке сол жерді қазуға ақыл береді. Әкенің айтқанындай сол жерден су шығып, ел-жұрттың шөлі қанып қарық болып қалады. Екінші рет, көлден ат басындай алтын көргенін біреу патшаға мәлімдейді, патша мұны ары іздетіп, бері іздетіп таба алмайды. Жарлық қатты, жан тәтті дегендей бүкіл халық болып көлге түсіп жапа тармағай іздесе де әлгі

алтын табылмай жұрт қиналады, мұны кебежеде жатқан шал естіп баласына: «балам, алтын көлде емес, сол алтын көрінген айдынның тұсында жартас болуы мүмкін, алтын сол жартаста, көлдегі алтын соның сәулесі болар» – деген меже айтады. Жұрттың бәрі сұраққа тартылып, кезек әлгі балаға келгенде бала әлгі межені айтады, патша сол жас жігіт айтқан меже бойынша алтынды сол көлдің бойындағы жартастан іздетіп таптырады. Бірақ, мұндай ойдың жас жігітке қалай келгенін қысап сұраған соң, жігіт шынын айтып, әлгі су жоқта суды, елдің алтын іздеп дағдарғандағы алтын жатқан жердің межесін әкесі айтқанын, оны осы уаққа дейін кебежеде сақтап отырғанын әңгімелейді, патша бұрынғы өз ағаттығына опық жеп: «бұдан кейін алпысқа келген карияны өлтірмей ақыл сұрайық» – деген қортындыға келіпті. Сонан бастап жұрт арасында «алпыстағыдан ақыл сұра» деген сөз тәмсіл болып қалған екен.

Екінші бір ертегі – «Бір тұлып наның қоқымы». Баяғыда бір байдың баласы әкесіне: «Әке, мен ержеттім, енді бір сапар шегіп, ел-жұртты көріп, алыс-жуықты, оң мен солды парықтасам» – деген тілек білдірген екен. Баланың мұндай ізгі тілегін әкесі шын ниетімен қолдап, ақжол тілеп алыс сапарға аттандырып қойыпты. Кетерінде баласы әкесінен не тапсыратынын айтқанда әкесі: «өзің жеген нанның қоқымын жиып маған осы тұлыпқа салып әкеліп бер, соған қарап мен сенің қаншалық жерге дейін сапарда болғаныңды ұғып-білемін» – деген екен. [3.84б.] Сонымен жас азамат көп жер, көп елді аралапты, не бір көрікті қала, көрмеген көл-дәриялардан өтіпті, бірақ, әкесінің тапсырмасын ұмытпай, өзі жеген нанның қоқымын төкпей-шашпай әлгі тұлыпқа салып отырыпты. Сонымен жігіт сапарын аяқтатып қайтуға бет алыпты, әкесінің тапсырмасы орындалып тұлып та толайын депті. Қайтар жолда жас жігіт тағы да бұрын көрмеген көп өңірді аралап, ойламаған жерден бір елсіз далаға кез болады. Күн жүреді, түн жүреді, ұшы-қиыры жоқ бұл кең дала түгеп бермейді. Ақыры азық қыларлық ештеме табылмай ашығады, тіпті бұрлығып жол жүруге дәрмені қалмайтын дәрежеге жетеді. Бір суаттың басына әрең жетіп, енді қайтерін білмей дағдарып отырған жігіттің көзіне қанжығасындағы тұлып, ондағы нанның қоқымы түседі. Бірақ, бұл әкенің аманаты оған қол сұғуға болмайды деп білген жігіт қаншалық ашықса да онан дәмеленуге болмас деген жерге келіп тағы да жүреді, сапарын жалғастырады. Бірақ, оқпанынан азық кеткен азамат әбден талығады, бір тістем наның зары өтеді. Ақыры амалсыз әлгі тұлыптың аузын ашып, әлгі өзінен қалған қоқымды жеп барып, көзі шырадай жанып, бойына қуат кіреді. Сонымен әлгі бір тұлып нанның қоқымы түгеп, түбі қалған кезде барып жолаушы жігіт үйіне есен-сау әрең оралған екен. Жүдеп-жадап, әбден кетеуі кеткен жас азамат әкесіне: «айналайын әке, аманатыңды орындай алмадым, жолшыбай аштыққа тап болып, сол бір тұлып қоқым нанның құдіретімен үйге әрең жеттім» – деген екен. Сонда аяулы әке: «ел-жұрт арасында емін-еркін жүрген маған ол қоқымның зәрушілігі жоқ екенін білемін ғой, бұл аманат сенің қамың үшін айтылған еді. Сен ашыққанда аужал етуге жараса менің аманатым зая кетпеген екен. Бір тәжірибе – бір сабақ деген, тоқ күнінде жоқшылықты ұмытпа, бардам күнде тапшылықты ұмытпа деген тәмсіл осындайдан қалған болар» – деп өмірдің тоқшылығы мен жоқшылығын бастан кешіріп келген баласының

мандайынан иіскеген екен. Халқымыздың ертегі арқылы өз ұрпақтарына тәрбие жүргізуінің бір қыры осындай болған.

Халқымызды «тәрбиені бастан, баланы жастан...» деген бір керемет аталы сөз бар. Этнопедагогикалық тәрбиенің жалпы жүйесі осы негізге құрылған. Халқымыз жалпы тәрбиені «бастан, жастан» бастап адамның бүкіл ғұмырын халық тәрбиесінің құшағында өткізген. Қаншалық үлкен болсаң да көптен үлкен емессің дейтіні де осыдан. Қазақтың тал бесіктен жер бесікке дейінгі өмірі асыл жырмен, арналы тәрбиемен өтеді десек артық айтқан болмаспыз. Осыдан барып біздің бұрынғы өткен ғұлама ғалымдарымыз, ақын-жазушыларымыз өз еңбектерін туған халқының көкірегіне білім шырағын жағуға, соларды оятуға, оқу-білімнің дәмін татып, рахатын көруге шақырған, олар өз еңбектерінің бойына халқымыздың этнопедагогикасының нәрін сіңірген әрі оны заманға сай тың мазмұн, тың тәсілдермен дамытқан. Төменде сол туралы қысқаша шолу жасай кетпекшіміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. <http://abai.kz> .«Абай қара сөздері»
2. Қазақ тілі. Энциклопедия. Алматы: Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998 ж., 509 бет.
- 3.«Сейтен тағылымдары» ғылыми-практикалық конференциясының материалдары бойынша ғылыми мақалалар жинағы. Қазақстан
4. <http://www.намыс.kz> абай өлеңдері
5. <http://www.kazakhadebieti.kz> Аманжолов Қ . Абайға айтарым
6. Қазақ әдебиеті: Энциклопедия-Алматы: Қазақстан Р және ҒМ, Қазақстан Даму институты. 1999. -750 б. [ttp://www.madenimura.kz](http://www.madenimura.kz)

Аннотация.Бұл мақалада этнопедагогика тәрбиесінің тәсілдері түркі мәдениеті және әдебиетімен ұштастырыла отырып қарастырылған. Мұнда Ұлы бабалардың даналы өсиеттері, халқымыздың асыл қазынасы болып табылатан нақыл сөздер, мақал мәтелдер кеңінен қолданып, бала тәрбиесінде, баланы оқытуда, білім беруде, кімге қалай қызмет етуді үйрету жолындағы қосатын үлесіне назар аударылған.

Түйіндеме. В этой статье рассматривается роль тюркской культуры и литературы в этнопедагогическом воспитании. Назидательные слова Великих писателей и богатое литературное наследие тюркского народа дают возможность понять насколько важна их роль в воспитании и обучении ребёнка.

Summary: In this article discusses the role of Turkish culture and literature in the etnopedagogical education. Words of wisdom of the Great writers and a rich literary heritage of the Turkish people make it possible to understand the importance of their role in the upbringing and education of children.

Кілт сөздер: Түркі өркениеті, педагогика,Этнопедагогика, бала тәрбиесі.